КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 9 қаңтар №2301-25-00-2/3592 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «T&K» Алена Александровна Касенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 10 411 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-тің 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «T&K» Алена Александровна Касенованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 10 411 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «T&K» Алена Александровна Касенова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «T&K» Алена Александровна Касеновадан мемлекет кірісіне 10 411 (он мың төрт жүз он бір) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 278 (екі мың екі жүз жетпіс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және

оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2026 жылдың «19» ақпанында заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова